3. Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағындағы жер үсті сулары сапасының мониторингі

Қарағанды және Ұлытау облыстарының жер үсті суларының сапасына бақылау 13 су объектісінің (Нұра, Қара Кеңгір, Соқыр, Шерубайнұра өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Қ.Сәтбаев атындағы су арнасы, Балқаш көлі, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолак, Есей, Султанкелди, Кокай, Тениз) 42 тұстамасында жүргізілді .

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **33** физикалық және химиялық көрсеткіштері: *көзбен шолу, су температурасы, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші, еріген оттегі, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді және органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар* анықталады.

Есеп мерзімі кезінде Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағында, **гидробиологиялық көрсеткіштер** бойынша жер үсті су сапасының жай-күйіне мониторинг 11 су нысанының (өзендер: Нұра, Шерубайнұра, Қара Кеңгір, 2 су қойма: Самарқан, Кеңгір және Балқаш көлі) 28 тұстамасында жүргізілді. 93 сынамаға талдау жүргізілді, оның ішінде: фитопланктон бойынша -25сынама, зоопланктон -25 сынама, перифитон -10 сынама, зообентос бойынша - 8 сынама және жіті уыттылықты анықтауға-25сынама.

3.1. Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағындағы жер үсті суларының сапасына гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша мониторинг нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

Су нысандарының атауы	Су сапасының классы		Көрсеткіштер	өлшем бірлігі	концентрациясы
	шілде 2023 ж	шілде 2024 ж			
Нұра өзені	нормаланбайды (>5 класс)	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір	мг/дм ³	0,402
			Марганец	мг/дм ³	0,149
Самарқан су қоймасы	4 класс	3класс	Магний	мг/дм ³	21,5
Кеңгір су қоймасы	4 класс	3 класс	Магний	мг/дм ³	21,0
Қара Кеңгір өзені	нормаланбайды (>5 класс)	нормаланбайды (>5 класс)	Аммоний-ионы	мг/дм ³	2,70
Соқыр өзені	нормаланбайды (>5 класс)	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір	мг/дм ³	0,46
			Марганец	мг/дм ³	0,195
			Қалқымалы заттар	мг/дм ³	42,2
Шерубайнұра өзені	нормаланбайды (>5 класс)	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір	мг/дм ³	0,39
			Марганец	мг/дм ³	0,205
			Қалқымалы заттар	мг/дм ³	32,0
			ОХТ	мг/дм ³	35,2
Қ. Сәтпаев ат. арна	3 класс	3 класс	Магний	мг/дм ³	28,8

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2023 жылдың шілде айымен салыстырғанда Нұра, ҚараКеңгір, Соқыр, Шерубайнұра өзендерінің және Қ. Сәтпаев атындағы арнаның сапасы айтарлықтай өзгермеген. Самарқан және Кеңгір су қоймаларының суы 4 класстан, 3 классқа ауысты осылайша су сапасы жақсарды.

Қарағанды және Ұлытау облыстарының су объектілерінің негізгі лаптаушылары аммоний-ионы, магний, жалпы фосфор, марганец, қалқымалы заттар, жалпы темір. Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормасынан асуы, негізінен ағынды сулар ағынына тән.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары

2024 жылдың шілде айында облыстар аумағында келесі ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары анықталды: Нұра өзені – 15 ЖЛ жағдайы (жалпы темір, марганец), Соқыр өзені – 1 ЖЛ жағдайы (марганец), Шерубайнұра өзені – 3 ЖЛ жағдайы (марганец, жалпы темір,, жалпы фосфор).

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша Қарағанды облысының жер үсті сулары сапасының нәтижелері туралы ақпарат 2-қосымшада келтірілген.

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша Ұлытау облысының жер үсті сулары сапасының нәтижелері туралы ақпарат 3-қосымшада келтірілген.

Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша су нысандарының сапасы бойынша ақпарат 4-қосымшада келтірілген.

3.2. Қарағанды және Ұлытау облыстарының аумағындағы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының сапасы мониторингінің нәтижелері.

Нұра өзені.

Есептегі айда зоопланктон әртүрлілігімен ерекшеленбеді. Түрлер саны су сынамаcында 3-5 ден кездесті. Талшықмұртты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 53% құрады. Соның ішінде *Daphnia longispina* басым кездесті. Ескекаяқты шаяндар 43%, домалақ құрттар 4% зоопланктонның жалпы биомассасын құруға қатысты. Жалпы орташа саны 5,787 мың дана/м³(қарсы 1,05 мың дана/м³өткен жылдың осы кезені үшін), ал биомассасы 85,927 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,46 –1,89 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,65 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон орташа дамыды. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 55% құрады. Көк жасыл балдырлар 29% жалпы биомассаны құруға қатысты. Жасыл балдырлар 16%. құрады. Су сынамаcындағы түрлер саны 9-13 аралығында болып, орташа сан 11 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,18 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,055мг/дм³ тең болды. Орташа сапроб индексі 1,79, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенініңдегі перифитонның түрлік құрамы *Cyclotella comta*, *Navicula cryptoccephala*, *Synedra ulna* сияқты диатомды балдырлардан құралды. Жасыл балдырлар өкілдерінен *Pediastrum*, *Scenedesmus* кездесті. Көк-жасыл балдырлардың кездесу жиілігі 1-2 құрады. Сапроб индексі 1,77, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос орташа дамыды. Бентофаунаның негізін ұлулар, жәндіктер сүлгілер құрады. Ең үлкен саны "а.Ақмешит"көп кездесті. Су сынамаcында түр саны 3-7 тен аспады. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы - 3, зообентос жағдайына байланысты орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу нәтижелеріне сәйкес орташа тест-көрсеткіш 2,86%-ге тең. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені

Зоопланктон бірлестігі зерттелген су сынамаcында 3 түрімен ұсынылды. Домалақ құрттар 60 % зоопланктонның жалпы биомассасын құруға қатысты. Жалпы саны 1,25 мың дана/м³, ал биомассасы 3,37мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,82. Су класы - 3 , орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон орташа дамыды. Альгофлора негізін диатомды балдырлар құрап, жалпы биомассаның 67% құрады. Жалпы саны 0,08мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,027 мг/дм³. Су сынамаcындағы түрлер саны – 6, сапроб индексі - 1,83. Су класы - 3 , орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон диатомды, жасыл балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардың арасынан: *Synedra*, *Tabellaria*, *Melosira*, жасыл балдырлар: *Scenedesmus* кездесті. Сапроб индексі 1,87. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Биотестілеу кезінде тест-нысанға өткір уыттылығы анықталынбады. Өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 7% тең. Тірі қалған дафниялар саны 93% құрады.

Қара Кеңгір өзені

Зоопланктон нашар дамыған. Талшықмұртты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 59% құрады. Орташа түрлер саны – 2. Орташа жалпы саны 0,76 мың дана/м³, биомассасы 3,88 мг/м³. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,83, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктонның жалпы биомассасының 61% диатомды және 39% көк-жасыл балдыр түрлері құрады. Жасыл балдырлар кездеспеді. Жалпы саны мен биомассасы 0,19 мың кл/см³, 0,037 мг/дм³. Сынамадағы түр саны – 10. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,81, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 96,5% құрады. Тест-көрсеткіш 3,5%-ға тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Зоопланктон орташа дамыды. Талшықмұртты шаяндар 69% зоопланктонның жалпы санын құрады. Ескекаяқты шаяндар 31% құрады. Жалпы орташа саны 18,25 мың дана/м³, ал биомассасы 372,5 мг/м³. Сапроб индексі 1,83, яғни, 3-класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Негізін диатомды балдырлар құрап, жалпы фитопланктон биомассасының 50% құрады. Жалпы саны 0,27 мың кл/см³, биомассасы 0,049 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 10. Сапроб индексі 1,85, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігінің негізін диатомды балдырлар құрады. Балдырлардың *Symbella Nitzhia* түрлерінің туыстары кездесті. Жасыл балдырлар 1 данадан кездесті. Сапробиологиялық талдауға сәйкес, бета-мезасапробты организмдер басымдылық көрсетті. Сапроб индексі 1,67, су класы - үшінші. Перифитон жағдайына байланысты, су сапасы орташа ластанған.

Су қойманың түпкі фаунасы шаянтәрізділер құрады. Су сынамасында шаянтәрізділерден *Gammarus pulex* кездесті. Сонымен қатар үлгілерде олар табылған асқазанаяқтылар *Limnaea stagnalis*, *Limnaea auricularia* кездесті. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класының сапасы – 3.

Су қоймадағы суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

Кеңгір су қоймасы

Зоопланктон нашар дамыды. Домалақ құрттар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон саныны құрады. Орташа саны 0,02 мың дана/м³, биомассасы 0,008 мг/м³. Сапроб индексі 1,55 су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Фитопланктон жақсы дамыды. Жалпы саны мен биомасса жағынан көк жасыл балдырлар басым болды. Жалпы саны орташа 0,16 мың кл/см³, ал

биомасса $0,05\text{мг/дм}^3$ болды. Сапроб индексі 1,57. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезіндегі мәліметтерге сүйенсек, тест-нысанға уыттылықтың әсер етпейтіні анықталанды. Зерттелген нысанда тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Тест-көрсеткіш 0%.

Балқаш көлі

Зоопланктон зерттелген аймақта сапасы жағынан орташа, саны жағынан жақсы дамыды. Ескекаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 100% құрады. Орташа саны $4,52\text{мың дана/м}^3$, биомассасы $72,23\text{мг/м}^3$. Көл бойынша орташа сапроб индексі 1,74, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон негізін диатомды балдырлар құрады. Жалпы саны $0,09\text{мың кл/см}^3$, жалпы биомассасы $0,063\text{мг/дм}^3$ тең болды. Сынамадағы түр саны-6. Сапроб индексі 1,67-1,89 аралығында болып, орташа сан 1,76 құрады. Су класы - үшінші.

Биотестілеу нәтижелеріне сәйкес, Балқаш көлінің тест-көрсеткіштері төмендегідей: Оңтүстік бөлік, Іле өзенінің сағасынан 22 км - 7%; Оңтүстік бөлік, мыса Қарағаштың солтүстік жағалауынан 15,5 км - 10%; Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 8,0 км - 10%; Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 20,0 км - 7%; Тараңғалық шығанағы, А 130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 0,7 км - 7%; Тараңғалық шығанағы, А 130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 2,5 км - 10%; бұқта Бертыс, А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,2 км - 7%; бұқта Бертыс, А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км - 7%; Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,0 км - 7%; Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 2,3 км - 7%; Сары-Есік түбегі, Ұзынарал бұғазы, Сары-Есік түбегінің солтүстігінен 1,7 км - 0%; Алғазы аралы, Қоржын аралының солтүстігінен 25 км - 0%; Солтүстік-Шығыс бөлігі, Қаратал өзенінің сағасынан 5,5 км - 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес су тест-нысанға уытты әсер етпейді.

4. Радиациялық жағдай

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 9 метеорологиялық бекетте (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Қарқаралы, Саршаған, Жана – Арқа, Киевка, Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) автоматты бекетінде бақылау жүргізілді.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гаммафонның орташа мәні $0,05 - 0,31\text{мкЗв/сағ.}$ аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гаммафонның орташа мәні $0,15\text{мкЗв/сағ.}$, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда

(Балқаш, Жезқазған, Қарағанды,) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды. Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,5 – 3,1 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 2,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.

5. Атмосфералық жауын-шашынның сипаттамасы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Корнеевка) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында, қорғасын мен кадмийден басқа барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 44,3%, хлоридтер 13,2%, нитраттар 1,6 %, гидрокарбонаттар 23,7%, аммоний иондары 0,7% , натрий иондары 3,5%, калий иондары 1,8%, магний иондары 2,0%, кальций иондары 8,9% болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жезқазған МС–79,02 мг/дм³, ең азы МС Балқаш– 37,68 мг/дм³ белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі Қарағанды облысының аумағында 57,4 мкСм/см-ден (МС Қарағанды) 285,0 мкСм/см (Жезқазған МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы 6,5 (Қарағанды МС) – 7,19 (Жезқазған МС) аралығында болды.

6. Топырақ ластану мониторингі

Балқаш қаласының түрлі аудандарынан алынған топырақ сынама құрамында мырыш – 392,0-678,5 мг/кг, хром –0,8-1,6 мг/кг, қорғасын –68,5-542,2 мг/кг, мыс–57,5-150,2 мг/кг, кадмий – 9,47-99,1 мг/кг шамасында өзгерді.

Ленин және Әлімжанов көшелері қиылысы аумағында топырақ көбірек ластанған болып табылады, мұнда қорғасын шоғыры 16,9 ШЖШ.

Жазда қаланың басқа ауданындағы ШЖШ асуы байқалған ауыр металдар құрамы:

- Балқаш тау кен металлургиясы (БТКМ) аумағындағы: қорғасын – 4,7ШЖШ;

- саябақ аумағы ауданында - қорғасын 2,2 ШЖШ;

- БТКМ ауруханасы аумағында- қорғасын 2,9 ШЖШ;


-ЖЭС ауданында- қорғасын – 2,2 ШЖШ құрады.

Жезқазған қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынама құрамында хром 1,7-2,1 мг/кг, мырыш –27,4-408,5 мг/кг, қорғасын –3,78-14,0 мг/кг, мыс – 7,3-154,0 мг/кг, кадмий – 0,93-1,1 мг/кг шамасында өзгерді.


Қарағанды қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынама құрамында мыс 2,3-5,1 мг/кг, хром – 0,6-1,4 мг/кг, мырыш –9,6-

150,0 мг/кг, қорғасын – 2,06-7,06 мг/кг, кадмий – 0,89-1,09 мг/кг шамасында өзгерді.


Теміртау қаласындағы түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасының хром құрамы 1,0-3,3 мг/кг, мыс –1,3-5,3 мг/кг, мырыш -24,7-476,0 мг/кг және қорғасын – 2,75-7,55 мг/кг, кадмий 0,93-1,17 мг/кг шамасында болды.




Қарағанды қаласының атмосфералық ауаның ластануын байқауға арналған стационарлық желінің схемасы




Саран қаласының атмосфералық ауаның ластануын байқауға арналған стационарлық желінің схемасы



Балқаш қаласындағы атмосфералық ауа ластануың анықтайтын стационарлық бақылау жүйесінің сызбасы



Жезқазған қаласының атмосфералық ауаның ластануын байқауға арналған стационарлық желінің схемасы



Теміртау қаласының атмосфералық ауаның ластануын байқауға арналған
стационарлық желінің схемасы

2024 жылдың шілде айындағы Қарағанды облысының жер үсті суларының сапасына тұстамалар бойынша ақпарат

Су объектілері және тұстамалар	Физика-химиялық көрсеткіштер бойынша сипаттамасы	
Нұра өзені	су температурасы – 17,8-23,6°С, сутектік көрсеткіш 7,58-8,12, судағы еріген оттегі концентрациясы– 6,87-10,38 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 1,99-3,20 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 16-27 см.	
Шешенқара а., ауылдан 3 км төмен, автожол көпірдің ауданында	нормаланбайды (>5 класс)	Марганец – 0,108 мг/дм ³ . Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Балықты т.ж. стансасы, Көкпекты өзенінен шұңғымасынан 2,0 км төмен, т.ж. көпірінен 0,5 жоғары	нормаланбайды (>5 класс)	Марганец – 0,124 мг/дм ³ . Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Нұра өз., Теміртау қ., Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір – 0,45 мг/дм ³ , марганец – 0,131 мг/дм ³ . Марганецтің және жалпы темірдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Нұра өз., Теміртау қ., Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір – 0,42 мг/дм ³ , марганец – 0,152 мг/дм ³ . Марганецтің және жалпы темірдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір – 0,37 мг/дм ³ , марганец – 0,141 мг/дм ³ . Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Нұра өз., Теміртау қ., Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір – 0,38 мг/дм ³ , марганец – 0,154 мг/дм ³ . Марганецтің және жалпы темірдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Жаңаталап а. (бұрынғы Молодецкое а.) ауыл маңындағы авто-жол көпірі	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір – 0,52 мг/дм ³ , марганец – 0,187 мг/дм ³ . Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Ынтымақ су қоймасының Жоғарғы ағыны	нормаланбайды (>5 класс)	Марганец – 0,179 мг/дм ³ . Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Ынтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен	нормаланбайды (>5 класс)	Марганец – 0,117 мг/дм ³ . Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Ақмешіт а., ауылдың шегінде	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір – 0,57 мг/дм ³ , марганец – 0,180 мг/дм ³ . Марганецтің және жалпы темірдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Нұра к. (Киевка к.), ауылдан 2,0 км төмен	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір – 0,82 мг/дм ³ , марганец – 0,168 мг/дм ³ . Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Самарқан су қоймасы	су температурасы 21,08-22,8 °С, сутектік көрсеткіш 8,03-8,08, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,24-8,70 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 2,29-2,44 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 24 см .	
Самарқан су қоймасы, Теміртау қ. бөгеттен 7 км жоғары, ауданындағы бақылау орнында	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір – 0,31 мг/дм ³ .
Самарқан су қоймасының оңтүстік жағалауынан тұстама бойымен 0,5 км, Теміртау қ. шегінде	3 класс	Магний – 23,9 мг/дм ³ . Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Соқыр өзені	су температурасы – 20,6°С, сутектік көрсеткіш 7,88, судағы еріген оттегі концентрациясы– 9,46 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 3,96 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 24 см.	
Соқыр өз., сағасы, Қаражар а. маңындағы автожол көпірі	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір – 0,46 мг/дм ³ , марганец – 0,195 мг/дм ³ . қалқымалы заттар – 42,2 мг/дм ³ . Қалқымалы заттардың және марганецтің нақты концентрациясы фондық класстан асады.
Шерубайнұра өзені	су температурасы – 20,8°С, сутектік көрсеткіш 7,86, судағы еріген оттегі концентрациясы– 9,77 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 3,67 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 23 см.	
Шерубайнұра өз., сағасы, Асыл а. 2,0 км төмен	нормаланбайды (>5 класс)	Жалпы темір – 0,39 мг/дм ³ , марганец – 0,205 мг/дм ³ , ОХТ – 35,2 мг/дм ³ , қалқымалы заттар – 32,0 мг/дм ³ . Қалқымалы заттардың, жалпы темірдің, ОХТ-ның және марганецтің нақты концентрациясы фондық класстан асады.
Қ. Сәтпаев атындағы арна	су температурасы – 18,6-19,4 °С, сутектік көрсеткіш 77,65-7,94 судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,63-8,24 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 2,13-2,29 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 26-27 см	
Қарағанды қ. №17 сорғы стансасы	4 класс	Магний – 31,2 мг/дм ³ . Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Қарағанды қ. «156 көпір (Петровка а. көпірі)	3 класс	Магний – 26,4 мг/дм ³ . Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Балқаш көлі	су температурасы 22,9-24,2 °С шегінде белгіленген, сутегі	

	көрсеткіші – 8,40-8,62, судағы еріген оттегі концентрациясы – 6,12-7,64 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 0,34-1,27 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 45-125 см, ОХТ- 0-19,2 мг/дм ³ , қалқымалы заттар – 8,42 мг/дм ³ , минерализация – 1040-3456 мг/дм ³ .
Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) Шолақ көлі	су температурасы 21,8°С, сутегі көрсеткіші 7,92, суда еріген оттегі концентрациясы – 6,71 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 2,29 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 15 см, ОХТ – 11,6 мг/дм ³ , қалқымалы заттар – 18,8 мг/дм ³ , минерализация – 619 мг/дм ³ .
Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) Есей көлі	су температурасы 21,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,08 суда еріген оттегі концентрациясы – 7,32 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 2,29 мг/дм ³ . мөлдірлігі – 23 см, ОХТ – 38,3 мг/дм ³ , қалқымалы заттар – 22,4 мг/дм ³ , минерализация – 1720 мг/дм ³ .
Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) Сұлтанкелді көлі	су температурасы 20,4°С, сутегі көрсеткіші 7,14, суда еріген оттегі концентрациясы – 7,63 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 2,29 мг/дм ³ . мөлдірлігі – 22 см, ОХТ – 27,5 мг/дм ³ , қалқымалы заттар – 13,6 мг/дм ³ , минерализация – 1250 мг/дм ³ .
Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) Қоқай көлі	су температурасы 21,6 °С, сутегі көрсеткіші 7,79, суда еріген оттегі концентрациясы – 6,41 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 3,66 мг/дм ³ . мөлдірлігі – 22 см, ОХТ – 27,6 мг/дм ³ , қалқымалы заттар – 26,6 мг/дм ³ , минерализация – 1130 мг/дм ³ .
Қорғалжын қорығындағы (Қарағанды обл.) Теңіз көлі	су температурасы 23,0°С, сутегі көрсеткіші 8,43 суда еріген оттегі концентрациясы – 7,48 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 3,51 мг/дм ³ . мөлдірлігі – 20 см, ОХТ – 71,3 мг/дм ³ , қалқымалы заттар – 370 мг/дм ³ , минерализация – 31570 мг/дм ³ .

2024 жылдың шілде айындағы Ұлытау облысының жер үсті суларының сапасына тұстамалар бойынша ақпарат

Су объектілері және тұстамалар	Физика-химиялық көрсеткіштер бойынша сипаттамасы	
Кеңгір су қоймасы	су температурасы 22,6°С, сутектік көрсеткіш 8,62, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,85 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 0,90 мг/дм ³ , мөдірлігі – 20 см.	
Жезқазған қ., Қара Кеңгір өзенінен 0,1 км А 15	3 класс	Магний- 21,0 мг/дм ³ , Магнийдің нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.
ҚараКеңгір өзені	су температурасы 18,8-22,4°С, сутектік көрсеткіш 7,73-7,93, судағы еріген оттегі концентрациясы– 4,71-7,77 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 0,64-0,83 мг/дм ³ , мөдірлігі – 17-18 см .	
«Жезқазған қ., қаланың шегінде, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 1,0 км жоғары (Жылумен сумен жабдықтау кәсіпорны)	4 класс	Аммоний-ионы – 1,97 мг/дм ³ , магний – 90,6 мг/дм ³ , минерализация– 1760 мг/дм ³ , сульфаттар – 596 мг/дм ³ .
«Жезқазған қ., Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км төмен (Жылумен сумен жабдықтау кәсіпорны)	нормаланбайды (>5 класс)	Аммоний-ионы – 3,43 мг/дм ³ , марганец – 0,127 мг/дм ³ . Аммоний-ионы мен марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

**Балқаш көлі мен Қорғалжын көлдерінің жер үсті сулары сапасының
нәтижелері**

№ р/р	Ингредиенттердің атауы	Өлшем бірлігі	шілде 2024 жыл					
			Балқаш көлі	Қоқай көлі	Шола қ көлі	Есей көлі	Сұлтан көлі	Теңіз көлі
1	Көзбен шолу		Чисто	Чисто	Чисто	Чисто	Чисто	Чисто
2	Температура	°С	23,429	21,6	21,8	21,0	20,4	23,0
3	Сутегі көрсеткіші		8,559	7,79	7,92	8,08	7,14	8,43
4	Мөлдірлігі	см	73,93	22	15	23	22	20
5	Еріген оттегі	мг/дм ³	7,027	6,41	6,71	7,32	7,63	7,48
6	ОБТ5	мг/дм ³	0,691	3,66	2,29	2,29	2,29	3,51
7	ОХТ	мг/дм ³	8,017	27,6	11,6	38,3	27,5	71,3
8	Қалқыма заттар	мг/дм ³	28,5	26,6	18,8	22,4	13,6	370
9	Гидрокарбонаттар	мг/дм ³	297	246	227	268	266	259
10	Кермектік	мг-экв /дм ³	12,6	7,64	4,72	11,2	8,64	183
11	Минерализация	мг/дм ³	2529	1130	619	1720	1250	31570
12	Натрий + калий	мг/дм ³	624	232	98,6	385	257	8904
13	Құрғақ қалдық	мг/дм ³	2381	1006	507	1588	1114	31441
14	Кальций	мг/дм ³	37,45	64,8	54,7	72,9	70,9	446
15	Магний	мг/дм ³	130,4	52,9	23,9	90,2	61,3	1929
16	Сульфаттар	мг/дм ³	938	237	125	358	230	2130
17	Хлоридтер	мг/дм ³	454,57	296	89,5	547	361	17897
18	Фосфаттар	мг/дм ³	0,005	0,008	0,022	0,009	0,012	0,007
19	Жалпы фосфор	мг/дм ³	0,019	0,025	0,068	0,026	0,037	0,020
20	Нитритті азот	мгN/ дм ³	0,033	0,005	0,005	0,006	0,005	0,099
21	Нитратты азот	мгN/ дм ³	0,728	0,06	0,04	0,05	0,04	1,23
22	Жалпы темір	мг/дм ³	0,016	0,45	0,98	0,24	0,26	0,93
23	Тұзды аммоний	мг/дм ³	0,589	0,28	0,14	0,68	0,40	0,35
24	Сынап	мг/дм ³	0	0	0	0	0	0
25	Қорғасын	мг/дм ³	0	0	0	0	0	0
26	Мыс	мг/дм ³	0,0015	0,0032	0,0054	0,0028	0,0027	0,0011
27	Мырыш	мг/дм ³	0,012	0,0120	0,0168	0,012	0,0162	0,015
28	Никель	мг/дм ³	0	0	0	0	0	0
29	Марганец	мг/дм ³	-	0,147	0,188	0,103	0,212	0,149
30	АББЗ /СББЗ	мг/дм ³	0,001	0	0	0,026	0,018	0,116
31	Фенолдар	мг/дм ³	0,0011	0	0	0	0	0
32	Мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,048	0	0	0	0	0

2024 жылдың шілде айындағы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті сулары сапасының жай-күйі
кесте - 1

№ р/с	Су нысандары	Бақылау пункті	Тұстама (бекіту)	Сапроб индексі				Су сапасының класы	Биотестестілеу	
				Зоопланктон	Фитопланктон	Перифитон	Бентос		Тест-параметрі, %	Бағалау
1	Нұра өзені	Шешенқара а.	Шешенқара ауылынан 3 км төмен, жол көпірі маңайында	1,56	1,68	1,62	-	3	0	Уытты әсер етпейді
2	-//-	Балықты т/ж бекеті	Көкпекті өзенінің құйылысынан 2 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары	1,46	1,83	-	-	2-3	0	
3	-//-	Теміртау қ.	Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ б. а. с. шығ/нан 1 км жоғары	1,89	1,84	-	-	3	0	
4	-//-	-//-	Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ б. а. с. шығ/нан 1 км төмен	1,60	1,95	1,75	5	3	3	
5	-//-	-//-	Садовое бөлімшесі	-	-	1,88	5	3	-	
6	-//-	-//-	«Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ б. а. с. шығ/нан 5,7 км төмен	1,75	1,84	1,83	5	3	7	
7	-//-	-//-	Жана Талап ауылы	-	-	1,84	5	3	-	
8		Бінтымақ су қойма/жоғарғы бьефі	Ақтөбе ауылынан 4,8 км төмен	-	-	1,79	5	3	-	
9	-//-	Бінтымақ су қойма/ң төм.	бөгеттен 100 м төмен	1,72	1,68	1,70	5	3	7	

		бьефі							
10	-//-	Ақмешіт а.	ауыл шегінде, су бекеті тұстамасында	1,59	1,74	1,8	5	3	3
11	Шерубайнұр а өз.	Сағасы	Асыл а. 2 км төмен	1,82	1,83	1,87	-	3	7
12	Қара Кеңгір өз.	Жезқазған қ.	Кеңгір су қоймасынан 1,0 км жоғары	1,75	1,86	-	-	3	0
13	-//-	-//-	АО "ПТВС" ағынды сулар шығарылымынан 0,5 км төмен	1,90	1,75	-	-	3	7
14	Самарқан су қоймасы	Теміртау қ.	суқойманың оңтүстік жағалауынан тұстама бойынша 0,5 км жоғары	1,83	1,85	1,67	5	3	0
15	Кеңгір су қоймасы	Жезқазған қ.	Қара Кеңгір өзенінен 0,1 км А15	1,55	1,57	-	-	3	0

кесте - 2

№ р/с	Су нысандары	Бақылау пункті	Тұстама (бекіту)	Сапроб индексі		Су сапасының класы	Биотестестілеу	
				Зоо-планктон	Фито-планктон		Тест-параметрі, %	Бағалау
1	Балқаш көлі	Оңтүстік бөлігі	Іле өзенінің сағасынан 22 км А 253°	1,74	1,67	3	7	Ұяты әсер елпейді
2	Балқаш көлі	Оңтүстік бөлігі	А 131° мыса Қарағаштың солтүстік жағалауынан 15,5 км	1,77	1,70	3	10	
3	Балқаш көлі	Балқаш қ.	А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 8,0 км	1,77	1,83	3	10	
4	Балқаш көлі	Балқаш қ.	А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 20,0 км	1,70	1,79	3	7	
5	Балқаш көлі	Тараңғылық шығанағы	А 130° қалдыққойманың Тараңғалық ш. солтүстік жағалауынан 0,7 км	1,66	1,67	3	7	
6	Балқаш көлі	Тараңғылық шығанағы	А 130° қалдыққойманың Тараңғалық ш. солтүстік жағалауынан 2,5 км	1,78	1,81	3	10	

7	Балқаш көлі	Бұқта Бертыс	А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,2 км	1,80	1,88	3	7	
8	Балқаш көлі	Бұқта Бертыс	А107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км	1,78	1,89	3	7	
9	Балқаш көлі	Сарышаған ш.	А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,0 км	1,75	1,80	3	7	
10	Балқаш көлі	Сарышаған ш.	А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 2,3 км	1,75	1,87	3	7	
11	Балқаш көлі	Сары-Есік түбегі	Ұзынарал бұғазы, А314° Сары-Есік түбегінің солтүстігінен 1,7 км	1,75	1,60	3	0	
12	Балқаш көлі	Алғазы аралы	А 55° Қоржын аралының солтүстігінен 25 км	1,70	1,67	3	0	
13	Балқаш көлі	С - Ш бөлігі	Қаратал өзенінің сағасынан 5,5 км А 353°	1,66	1,79	3	0	

Анықтамалық бөлім

Елді-мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары (ШЖШ)

Қоспаның атауы	ШЖШ мәні, мг/м ³		Қауіптілік класы
	максималды бір ретті	орта-тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азотоксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м ³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма заттар (бөлшектер)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшала	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртті сутек	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді мекендердегі, өнеркәсіптік ұйымдар аумақтарындағы атмосфералық ауаның гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» (2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығы)

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градациялар	Атмосфераның ластануы	Көрсеткіштер	Айлық бағалау
I	Төмен	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49

IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	>10 >50
----	------------	--------------	------------

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667–2005 БҚ. Әзірлеуге, салуға, баяндауға және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар.

Су пайдаланудың санаттары (түрлері) бойынша суды пайдалану сыныптарын саралау

Суды пайдалану санаты (түрі)	Тазарту мақсаты/түрі	Суды пайдалану сыныптары				
		1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып
Балық шаруашылығы	Албыртбалық	+	+	-	-	-
	Тұқыбалық	+	+	+	-	-
Шаруашылық-ауызсумен жабдықтау	Қарапайым су дайындау	+	+	-	-	-
	Дағдылы су дайындау	+	+	+	-	-
	Қарқынды су дайындау	+	+	+	+	-
Рекреация		+	+	+	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-
	Картада тұнбалау	+	+	+	+	+
Өнеркәсіптік						
Технологиялық мақсатта, салқындату үрдісі		+	+	+	+	-
Гидроэнергетика		+	+	+	+	+
Пайдалы қазбаларды өндіру		+	+	+	+	+
Су көлігі		+	+	+	+	+

Су объектілерінде су сапасынжіктеудіңбірыңғайжүйесі(ҚР АШМ СРК 09.11.2016 жылғы №151 бұйрығы)

Радиациялық қауіпсіздік нормативі*

Нормаланатын шамалар	Доза шектері
Тиімді доза	Халық
	Кез келген кезекті 5 жыл үшін жылына 1 мЗв орташа, бірақ жылына 5 мЗв артық емес

* «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын эпидемиологиялық талаптар»

**Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол
берілген мөлшер**

Заттардың атауы	Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ) топырақта мг/кг
Қорғасын (жалпы нысан)	32,0
Хром (жылжымалы нысан)	6,0
Күшәла (жалпы нысан)	2,0
Сынап(жалпы нысан)	2,1

* Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне гигиеналық нормативтерді бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ-32 Бұйрығы

**ҚАРАҒАНДЫ ЖӘНЕ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСТАРЫ БОЙЫНША
«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМҚ ФИЛИАЛЫ**

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

**ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ
ТЕРЕШКОВА КӨШ. 15
ТЕЛ. 8-(7212)-56-55-06**

E-MAIL:KARCGMLAB@MAIL.RU